



Мір. Құрманғалиев



1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

ҚАЗАК

ӘДДЕБИЕТІ


№ 41

(2879)

15 — 21 қазан
жұма, 2004 жыл

«Егемен Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы, журналист-жазушы Жанат ЕЛШІБЕК оннан астам кітаптың авторы. Қазір қаламгер еліміздің белгілі ақын-жазушылары, журналистері мен өнер жұлдыздары хақында, өзі қоян-қолтық араласқан әріптестеріне қатысты тосын туынды жазып жүр. Біз бүгіннен бастап оқырмандар назарына оның шырайлы штрихтарға, қызықты деректерге құрылған алақандай әңгімелер мен мөлтек эсселер шоғырын ұсынамыз.

Жанат ЕЛШІБЕК



УАҚЫТ — СЫНАП

Фрагменттер

“Мен зоопарк емеспін...”

1972 жылдың қарашасында Бауыржан Момышұлы Сарыағаш санаторийіне демалуға бара жатып Шымкентке аялдайды. Қаладағы мейманханаға жайғасқан Баукеңе облысаралық жазушылар бөлімшесінің сол кездегі жауапты хатшысы Нәсіреддин Сералиев бастаған бір топ жас ақын-жазушылар сөлем беріп шығуды ойлайды. Өрекіген олар Баукең жатқан бөлменің алдына келгенде сілтідей тынып, үлкен кісінің есігін жүрексіне тықылдатады. Сол-ақ екен:

— Войдите, — деген өктем де зор үн естіледі.
Үн-түнсіз ішке енген жастарды керуетте отырған Буденный мұрт, тік қабақ, өткір жанар бір шолып өтіп:
— Кімсіңдер? — деп сұрайды.
Бір сәтке өзін еркін ұстаған Нәсіреддин бәрі үшін жауап беріп:
— Сөлемшілер, Бауке, өзіңізді осында деген соң...
— Сөлемші болсаңдар төрлетіндер, ал мені ергенге келген болсаңдар, ну-ка зытыңдар бұл жерден. Мен сендерге зоопарк емеспін, — депті сонда Баукең.

Баукеңнің сәлемі

Бұл күнде есімі жыр сүйер қауымға жақсы таныс Ханбибі Есенқараева осы сапар сәтінде Баукеңе өз мұңын айтып шағымданады. Ол өзінің пединституттың соңғы курсына бітірейін деп отырғанын, бірақ кейінгі кезде соңына түсіп алған бір ұстазының “сені құлатам” деп кіркініп жүргенін қинала-қинала айтады. Бәрін тыңдаған Баукең:
— Ол адамның ныспысы кім? — дейді.
Балауса ақын қыз ол кісінің фамилиясын атайды. Бұл фамилия Баукеңе таныс болса керек. Ол балаша қарқылдап күледі де, артыңша жалмажан бір жапырақ қағазға араб әріптерімен өлденені сүйкел “осыны апарып бер” деп ұсынады.

Ертеңге Ханбибі лекция басталар алдында аудиторияда қабағы жазылмай қатулы отырған ұстазына Баукеңнің “хатын” ұстата салады.
Тілдей қағазды оқып шыққан соң оқытушы:
— Мұнда не жазылғанын түсіндің бе? — дейді.
— Жоқ. — Ханбибінің даусы үрейлі шығады. — Арабша түсінбеймін ғой.
— Ендеше, Баукеңнің сәлемін оқып берейін бе?
— Өзіңіз біліңіз. — Сөйтсе де студент құрбыларынан қатты қысылған ол “Батыр аға араб әріптерімен өзім жамандаған ұстазымды жерден алып, жерге салып сыбаса қайтем” деген ойдан арыла қоймайды.
— Ал, тыңда! Хаттың сыртындағы фамилиямды түсінген боларсың. Одан

кейінгі араб әріптері былай дейді: “Баламды саған тапсырдым, сені Құдайға тапсырдым, құлатсаң — атыласың! Бауыржан Момышұлы”.
Аудиториядағы студенттер үрпиісіп қалады. Бір жақсысы бұл тығырықтан көпті көрген ұстаздың өзі алып шығады.
— Әйтпесе, Бауыржан бола ма?! — депті мәз болып.

Әке шыңы — асқақ шың

Есімі әлемге әйгілі әскери қайраткер, жазушы Бауыржан Момышұлының баласы қаламгер Бақытжан Момышұлына жас оқырмандардың бірі мынадай сұрақ қойыпты.
— Осыдан біраз жыл бұрын сіз “Әке — шың, сол шыңға беттеп келемін” деген едіңіз, қазір өзіңізді сол шыңның қай жеріндемін деп білесіз?
Сонда ол:
— Әкемнің шыңына әлі жеткен жоқпын, жете аламын деп те айта алмаймын. Әзірге өзімді әке шыңының алғашқы баспалдақтарында тұрғандай сезінемін, — депті.

Арыстанның апаны

Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы жайында жазылған туындылар өте көп. Басы нөқтаға сыймас қайсар қазақтың, қаһарман тұлғаның бейнесін әр қаламгер бар қырынан жарқыратып сомдауға ұмтылған. Сөйтсе де “Шуақты күндердің” орны да, салмағы да бөлек. Өйткені, бұл кітаптың авторы — Баукеңнің келіні Зейнеп Ахметова. Бұл күнде бүкіл қазақтың келініне айналған жазушының жан сырын, бүкпесіз әңгімесін әр буын өкілдері қолдан-қолға түсірмей, жастықтарының астына жастанып оқығаны мәлім. Зейнеп апаймен ең алғаш рет “Лениншіл жастың” (қазіргі “Жас Алаш” газеті) редакциясында танысқан едім. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының соңы мен жетпісінші жылдардың басында қасиетті шаңыраққа бірге қызмет істедік. Баукең хақындағы әңгімелердің алғашқы үзкітерін сол кезде Зейнеп апайдың өз аузынан естігеніме қуанамын. Ал, “Ата туралы шағын дүниеден Ұлы адамның жұрт білмейтін шуақты бейнесін танып-білер еді...” деген қолтаңбасы бар “Шуақты күндер” менің кітапханамның ең қастерлі туындысындай сақтаулы.
— Баукең келін болу қиын шығар? — Осы тектес қарапайым да, күрделі сұрақты ұдайы естітін ол әрдайым былайша жауап береді.
— Қазақ қыз баланы өлпештеп, еркелетіп өсіреді. Мен де еркелеп, бұла өстім. Бес ұлдың ішінде бір қыз болдым да әрі көз тимесін деп ұлдарша киіндіріп қоятын. Балалармен қосылып асық атып, лөңгі теуіп, ақ таяқ ойнап, ит қуып дегендей ұлдардан қалыспадым ғой. Сондықтан болар мінезім де ұлдарға

көбірек ұқсайтын. Қалай қыз-көйлек кидім, солай анам қыз балаға қажетті тірлік пен төрбиені үйрете бастады. Шешем айналасына сөзі өтімді, сыйлы, әңгімесін айшықтап айтатын кісі еді. Ерте ме, кеш пе бір үйге келін боп түсетінімді білдім ғой. Бірақ арыстанның апанына түсіп кетем деп ойлаған жоқпын. Алла-тағала мені ісі қазаққа танымал марқасқасына шай құйып беріп, бірге тірлік кешуге жазған екен. Соған нәсіп етілті. Бұл менің маңдайыма бұйырған бақыт деп ойлаймын. Болмыс-бітімді бір қалыпқа сыймайтын, мінезінің барлығы қайшылықтардан тұратын Ұлы адамға келін болу менің мойныма үлкен жауапкершілік жүктеді. Атам: “Атақты азабы қиын болады. Азабын әлі талай тартасыңдар” дегенін кезінде түсінбегендеймін. Атаның сөзі — ақылдың көзі.
Атасы аузынан түспейтін Зейнеп апайдың әр сөзі, әр ісі — кімге болсын үлкен өнеге.

Момышұлы Төртінші

“Егемен Қазақстан” редакциясы ғимаратының кіреберіс дәлізінде газеттің фирмалық үлкен күнтізбесі ілулі тұр. Түрлі-түсті плакат көзге оттай басылады. Редакция табалдырығын аттаған таныс та, бейтаныс та сәл кідіріп, қызыға үңілері сөзсіз. Қазақтың аса қастерлі де киелі шаңырағының бірі — Момышұлы әулетінің ғажап бір мезетін бейнелеген суреттің төрінде Батыр Бауыржанның әскери киіммен түскен фотосы. “Етжеңді” нөмірді таманалаған ұрпақтарына көз қиығын салып тұрғандай. Ұлы Бақытжан, келіні Зейнеп, құлдырдағанда шөбересі Нұрсұлтан осы үйдің сүйікті басылымы саналатын “ЕҚ”-ны құштарлана парақтауда. Жүздері жарқын.
Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза газеттің кезекті санында Астана қаласының әкімі Өмірзақ Шөкеевпен болған әңгіме-сұхбатының версткасының соңғы корректурасын өз көзімен және бір зерделеп оқып, қайтып бара жатқанда дәлізде ілулі тұрған өлгі плакатқа назар аударған:
— Момышұлы Четвертый! — деді күлімдеген сүйкімді Нұрсұлтанға қарап, қасындағы қаламдас інілері Әділ Дүйсенбек, Еркін Қыдыр, Қайсар Өлімге мойын бұрып. — Момышұлы үшінші қайда болды екен, ә?! Суретке түспей қалыпты ғой.
Шындығында бұл тарихи жәдігерге айналған плакат-фотода атасының тізесінде мол-момақан ботадай мөлдіреп отыратын Баукеңнің немересі, Батырдың өзі Момышұлы-III атаған — Ержан жоқ еді. Іссапарда жүрген ол суретке түспей қалған көрінеді.
Қаһарман ағасы хақында, асыл ағасы жайында талай қалам тербеп, аралас-құралас болған Шерағаң қас-қағым сәт үнсіз тұрып қалды. Не ойлады екен?! Елес-ғұмырдың елес-суреттері — үлкен өмірдің өшпес ұшқындары. Сағындырған, ойландырған... Иә, сөз жоқ.
Меніңше, сұңқар да емес, зымыран да емес, жарық та емес... адам ойы ұшқырау!
Айтпақшы, “Егеменнің” 85 жылдығы құрметіне арнап көркем де, әсем безендіріліп шығарылған жарнамалық осы күнтізбеде мынадай сөздер жазылған:
“Баукеңнің шөбересі Нұрсұлтан: — Бұл менің атамның газеті!
Баукеңнің келіні Зейнеп: — Иә, құлыным. Әкең де, атаң да, батыр бабаң да оқыған бұл газетті. Есейгенде сенің де газетің болады”.
Ұрпақтардың ұлы сабақтастығы деген осы шығар.
(Жалғасы бар).